

**1997 жылғы 7 наурызда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті мен "CCL Oil Ltd" компаниясының арасында жасалған N 1-К-97 Концессияның шарты бойынша кейбір мәселелер**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 15 маусым N 769

"Павлодар мұнай өңдеу зауыты" акционерлік қоғамын тиімді басқару мен оның қаржылық дамуын тұрақтандыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ "CCL Oil Ltd" компаниясының Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 сәуірдегі N 350 қаулысымен құрылған Ведомствоаралық комиссияның қорытындыларын ескере отырып, N 1-К-97 Концессияның шарты (бұдан әрі - Шарт) бойынша міндеттемелерін атқаруын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті бір ай мерзімде белгіленген тәртіппен "CCL Oil Ltd" компаниясымен бірлесіп :

"CCL Oil Ltd" компаниясының Шарттың 4.4.5-бабына сәйкес жалпы мол мөлшерден қалған ақшаның жүз миллион АҚШ доллары сомасын инвестициялауды бірқалыпты және бара-бар жүзеге асыру жөніндегі;

Шартқа қол қойылғанға дейін пайда болған басқа кредиторлық берешектерді (4.4.10 - бап) өтеу жөніндегі;

"Павлодар мұнай өңдеу зауыты" акционерлік қоғамының мерзімі кешіктірілген дебиторлық берешектерін қайтару және "CCL Oil Ltd" компаниясының Шарттың 4.4.9-бабына сәйкес міндеттемелерді, сондай-ақ "ПМӨЗ-ССЛ" акционерлік қоғамының дебиторлық берешектерін сөзсіз орындауы жөніндегі;

"CCL Oil Ltd" компаниясының Шарттың талаптарын атқаруды қамтамасыз етуі мақсатында әлеуметтік сала объектілеріне бір миллион АҚШ долларына дейін салу және экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі жобаны іске асыруды бастау (5.2, 5.3-баптар) жөніндегі кестелерді бекітсін.

2. "CCL Oil Ltd" компаниясы оның өндірісі мен тұрақты жұмыс істеуін қалпына келтіру мақсатында зауыттың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі: "CCL Oil Ltd" компаниясымен бірлесіп Шарттың 4.4.8-бабына сәйкес мемлекеттік бюджетке төленетін міндетті төлемдерді уақтылы аударуды (өтеуді) қамтамасыз ететін кестені бекітсін;

мүдделі жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен, белгіленген тәртіппен концессионер мен оның аффилилендірілген тұлғаларының өздерінің негізгі өндірісінің

орналасқан жері бойынша салықтар мен өзге де міндетті төлемдерді төлеуін  
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Шарттың және осы қаулының атқарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне белгіленген тәртіппен республикалық бюджеттен осы мақсатқа бөлінетін қаражаттың шегінде сарапшылар мен консультанттар, сондай-ақ аудиторлар жалдауға  
р ұ қ с а т е т і л с і н .

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік

және жекешелендіру комитеті үстіміздегі жылдың үшінші тоқсанының қорытындысы

бойынша "CCL Oil Ltd" компаниясымен бірлесіп Үкіметке "CCL Oil Ltd" компаниясының Шарт пен осы қаулы бойынша өзінің міндеттемелерін атқаруы жөнінде толық және егжей-тегжейлі ақпарат ұсынсын.

6. Осы қаулының атқарылуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Омарбекова А.

Нарбаев Е.